

7 ТАҚЫРЫП. НОТАРИУСТЫҢ РӘСІМДЕУ ЖАЗБАСЫ. НОТАРИАЛДЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ.

- 1. Нотариустың рәсімдеу жазбасы.**
- 2. Нотариустың мөрі.**
- 3. Нотариалдық қызметке ақы төлеу және оны төлеуден босату негіздері.**
- 4. Нотариалдық реестрлер және нотариалдық істер.
Жекеше нотариалдық мұрағат.**

1. Нотариустың рәсімдеу жазбасы

Нотариустың рәсімдеу жазбасы, яғни куәландырушы жазбалар мәмілелерді куәландыру және нотариалдық куәландырылған құжаттардың дубликаттарын беру, құжаттардың көшірмелері мен олардан жасалған үзінділердің дұрыстығын, құжаттардағы қойылған қолдардың түпнұсқалығын, құжаттардың бір тілден екінші тілге аударылуының дұрыстығын растау кезінде, тиісті құжаттарда құжаттардың көрсетілген уақытын куәландыру кезінде жасалады.

Рәсімдеу (куәландыру) жазбасында рәсімделген күні, нотариустың аты-жөні және мемлекеттік нотариалдық кеңсесінің атауы немесе жеке нотариустың лицензиясының номері, берілген күні, нотариалдық іс-әрекеттің қысқаша мәні, қойылған қолдардың түпнұсқалығы тексерілгені, тараптардың жеке басы мен әрекет қабілеттілігі анықталғандығы туралы көрсетіліп, соңында тіркеу реестрінде (тізілімінде) тіркелген номері, мемлекеттік баждың төленуі немесе оны төлеуден босатылуы, нотариустың қолы мен мөрі қойылады.

Егер автокөлік құралын иеліктен алу туралы шарт куәландырылса, онда куәландыру жазбасында оның иеліктен алушы адамға тиесілігін тексеру туралы, сондай-ақ автокөлік құралын тіркеу үшін жол полициясы органына шартты ұсыну қажеттілігі туралы көрсетіледі.

Мұрагерлік құқығын, меншік құқығын, азаматтың тірі екендігі және белгілі бір орында болуы фактілерін, жеке және заңды тұлғалардың өтінішін басқа және жеке заңды тұлғаларға беруді куәландыру, құжаттарды сақтауға қабылдауды растау үшін тиісті куәліктер беріледі.

Теңіз наразылықтары және вексель наразылық-тарын жасау ол туралы Акт шығару арқылы жүзеге асырылады. Аталған Куәліктер мен Актілердің мазмұны кеңейтілген (толықтырылған) нотариалдық рәсімдеу жазбасы болып табылады.

Куәландыру жазбалары анық басылған немесе қолдан анық жазылған болуы тиіс, өшіруге жол берілмейді, бос қалған жерлері сызылуы, қосып жазулар мен ескертілмеген түзетулер бұдан бұрын баяндалған ережелер бойынша ескертілуге тиіс. Куәландыру жазбаларын жасау үшін тиісті жазу мәтіні бар мөртабандар да қолданылады.

Егер куәландыру жазбасы тиісті құжатқа сыймай қалса, ол құжатқа қосылған парақта жалғастырылуы немесе толық жазылуы мүмкін. Бұл жағдайда құжаттың мәтіні көрсетілген беттер және куәландыру жазбасы бауланып тігіледі және нөмірленеді, парақтардың саны нотариустың қолымен расталып, мөрімен бекітіледі. Куәландыру жазбасын немесе оның жалғасын жазу үшін парақты қосып желімдеуге болады. Басылған мөрдің бір бөлігі желімделген бетке түсуі керек.

2. Нотариустың мөрі.

Нотариустың өз тегі, аты-жөні көрсетілген жеке мөрі (бұдан әрі - мөр) болады, сондай-ақ мемлекеттік нотариат кеңсесінің атауы (мемлекеттік нотариус мөрі) немесе нотариусқа берген лицензия нөмірі мен күні (жеке практикамен айналысатын нотариустың мөрі) көрсетіледі, бұл мөр металдан (металл қоспаларынан) арнайы жабдықта дайындалуы, оны дайындауға қойылатын бүкіл талаптар сақталуы және жоғары дайындау сапалылығымен, жалған дайындаудан қорғалуымен, беріктігімен және бояғыштарға төтеп беру секілді айрықша қасиеттерімен сипатталуы тиіс.

Мемлекеттік нотариустың мөрі «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңның 21-бабына сәйкес мемлекеттік тілде және «Мемлекеттік нотариустың мөрі туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2009 жылғы 20 тамыздағы № 113 бұйрығына сәйкес дайындалады және оның мөрінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасының бейнесі орналастырылады.

Жекеше практикамен айналысатын нотариус мөрінің сипаттамасы. Жекеше практикамен айналысатын нотариустың мөрі Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 1997 жылғы 25 мамырдағы № 61 Бұйрығымен бекітілген «Жекеше нотариустың мөрі туралы» Ереженің 1-тармағының талаптарына сәйкес мемлекеттік және орыс тілдерінде дайындалады. Мөр мәтініне нотариустың тегін, аты мен әкесінің атын жазу төлқұжатқа (жеке куәлікке) сәйкес жүргізіледі. Жеке мөрлерді пайдалану үшін тек көк және қою көгілдір бояғыштарды қолдануға болады, қара немесе түрлі-түсті бояғыштарды қолдануға болмайды.

Мөрлерді жасау белгіленген талаптардың сақталуын қамтамасыз ететін **ұйымдарға ғана тапсырылуы қажет.** Мөрдің диаметрі 40 мм болуға тиіс. Жекеше нотариустың мөрінің мәтіні **«нотариус» деген сөзден, нотариустың тегінен, атынан, әкесінің атынан, сондай-ақ лицензияның нөмірі мен берілген күнінен тұрады.** Жекеше нотариустың өз мөріндегі барлық жазулардың мазмұны мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылады. Мөрдің мәтінінде үш шеңбер бейнеленеді.

Нотариустардың жеке мөрінің бедерлері мен қолының үлгілері Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде, аумақтық әділет органында, сондай-ақ нотариалдық палатада сақталады.

2010 жылдан бері нотариустың «Электрондық құжат және электронды цифрлы қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес электронды цифрлық қолтаңбасы болады. Аталмыш Заңға сәйкес, электрондық цифрлық қолтаңба – ол электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар терімі. Ал электрондық цифрлық қолтаңба құралдары дегеніміз – ол электрондық цифрлық қолтаңбаны жасау және оның түпнұсқалығын тексеру үшін пайдаланылатын бағдарламалық және техникалық құралдардың жиынтығы болып табылады.

3. Нотариалдық қызметке ақы төлеу және оны төлеуден босату негіздері.

Мемлекеттік нотариат кеңсесінде жұмыс істейтін нотариус пен аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімі аппаратының лауазымды адамы нотариалдық іс-әрекеттер жасағаны үшін Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген ставкалар бойынша мемлекеттік баж алады.

Жекеше нотариус жасайтын нотариалдық іс-әрекеттерге ақы төлеу мөлшерлері Қазақстан Республикасының Нотариат туралы Заңының 30-1-бабында бекітілген. Қазақстан Республикасы консулдық мекемесінің лауазымды адамы нотариалдық іс-әрекеттер жасағаны Салық кодексінде белгіленген консулдық алымдар алады.

Нотариалдық іс-әрекеттер жасағаны үшін, сондай-ақ құжаттардың нотариуспен куәландырылған көшірмелерін бергені үшін мемлекеттік баж мынадай мөлшерлерде алынады:

1) қалалық жерлердегі жылжымайтын мүлікті (жер учаскелерін, тұрғын үйлерді, пәтерлерді, саяжайларды, гараждарды, құрылыстар мен өзге де жылжымайтын мүлікті) иеліктен шығару туралы шарттарды куәландырғаны үшін:

1.1) егер тараптардың бірі заңды тұлға болса – **10 АЕК**;

1.2) құны **30 АЕК дейін**: балаларына, жұбайына, ата-анасына, туған аға-інілері және апа-қарындастары мен сіңлілеріне, немерелеріне – **1 АЕК**; басқа адамдарға – **3 АЕК**;

1.3) құны **30 АЕК жоғары**: балаларына, жұбайына, ата-анасына, туған аға-інілері және апа-қарындастары мен сіңлілеріне, немерелеріне – **5 АЕК**; басқа адамдарға – **7 АЕК**; егер мәміле жылжымайтын мүлікті ипотекалық тұрғын үй займы бойынша алынған қаражат есебінен сатып алу мақсатында жасалатын болса – **2 АЕК**;

2) ауылдық жерлердегі жылжымайтын мүлікті (жер учаскелерін, тұрғын үйлерді, пәтерлерді, саяжайларды, гараждарды, ғимараттар мен өзге де жылжымайтын мүлікті) иеліктен айыру туралы шарттарды куәландырғаны үшін:

егер тараптардың бірі заңды тұлға болса – 1 АЕК;

балаларына, жұбайына, ата-анасына, туған аға-інілері және апа-қарындастары мен сіңлілеріне, немерелеріне – 0,50 АЕК;

басқа адамдарға – 0,7 АЕК;

3) автомотокөлік құралдарын иеліктен айыру туралы шарттарды куәландырғаны үшін:

егер тараптардың бірі заңды тұлға болса – 7 АЕК;

балаларына, жұбайына, ата-анасына, туған аға-інілері және апа-қарындастары мен сіңлілеріне, немерелеріне – 2 АЕК; басқа адамдарға – 5 АЕК;

4) жалға беру, қарыз, (ипотекалық тұрғын үй займын қоспағанда), кепілақы, лизинг, мердігерлік, неке келісімшарттары, ортақ меншіктегі мүлік бөлісі, мұрагерлік мүлікті бөлу, алименттерді төлеу жөніндегі келісімдерді, құрылтай шарттарын куәландырғаны үшін – 5 АЕК;

- 5) ипотекалық тұрғын үй займы шарттарын куәландырғаны үшін – **2 АЕК**;
- 6) өсиеттерді куәландырғаны үшін – **1 АЕК**;
- 7) мұрагерлікке құқық туралы куәлікті бергені үшін – берілген әр куәлікке **1 АЕК**;
- 8) ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіндегі үлеске және бірлескен ортақ меншік құқығындағы мүлкі бар өзге адамдардың меншік құқығы туралы куәлікті бергені үшін – **1 АЕК**;
- 9) мүлікті пайдалану мен иелену құқығына сенімхаттарды куәландырғаны үшін – **0,5 АЕК**;
- 10) сату құқығынсыз автокөлік құралдарын пайдалану және басқару құқығына сенімхаттарды куәландырғаны үшін – **1 АЕК**;
- 11) автокөлік құралдарын сатуға, сыйға тартуға, айырбастауға сенімхаттарды куәландырғаны үшін – **2 АЕК**;
- 12) өзге сенімхаттарды куәландырғаны үшін:
жеке тұлғалар үшін – **АЕК 10 пайызы**;
занды тұлғалар үшін – **50 пайызы**;
- 13) мұрагерлік мүлікті қорғау жөнінде шаралар қолданғаны үшін – **100 пайыз**;
- 14) теңіздік наразылық жасағаны үшін – **50 пайыз**;
- 15) құжаттардың көшірмесі мен құжаттардың үзінді көшірмесінің растығын куәландырғаны үшін (әр бетіне):
жеке тұлғалар үшін – **5 пайыз**;
занды тұлғалар үшін – **10 пайыз**;

16) құжаттардағы қойылған қолдың, сондай-ақ құжаттардың бір тілден басқа тілге аудармасының дұрыстығын куәландырғаны үшін (әрбір құжат үшін):

жеке тұлғалар үшін - **3 пайыз**;

заңды тұлғалар үшін - **10 пайыз**;

17) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін басқа жеке және заңды тұлғаларға бергені үшін - **20 пайыз**;

18) құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелерін бергені үшін - **20 пайыз**;

19) телнұсқа бергені үшін - **1 АЕК**;

20) банктерде шот ашқан кезде қойылған қолдың растығын куәландырғаны үшін (әрбір құжат үшін):

жеке тұлғалар үшін – **АЕК 10 пайызы**;

заңды тұлғалар үшін - **50 пайыз**;

21) жылжымайтын мүлік кепілі шарттарын, ипотекалық тұрғын үй заимдары бойынша талап ету құқықтары мен ипотекалық куәліктерді куәландырғаны үшін - **200 пайыз**; өзге де кепіл шарттарын куәландырғаны үшін - **700 пайыз**;

22) вексель наразылығын жасағаны үшін және чектің төленбегенін куәландырғаны үшін - **50 пайыз**;

23) құжаттарды және бағалы қағаздарды сақтағаны үшін - **әр айға 10 пайыз**;

24) кепілгерлік пен кепілдік шарттарын куәландырғаны үшін - **50 пайыз**;

25) Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделген басқа да нотариалдық іс-әрекеттерді жасағаны үшін - **20 пайыз**.

Нотариалдық іс-әрекеттер жасаған кезде мемлекеттік баж төлеуден босату жағдайлары Салық кодексінің 542 бабында көрсетілген. Нотариалдық іс-әрекеттер жасаған кезде мыналар мемлекеттік баж төлеуден босатылады:

1) жеке тұлғалар - өздерінің мемлекет пайдасына мүлікті сыйға тартатын өсиеттерін, шарттарын куәландырғаны үшін;

2) мемлекеттік мекемелер - оларға мемлекеттің мұраға құқығы туралы куәліктерді (куәліктердің телнұсқаларын) бергені үшін, сондай-ақ осы куәліктерді (куәліктердің телнұсқаларын) алу үшін қажетті барлық құжаттар үшін;

3) жеке тұлғалар - оларға:

Қазақстан Республикасын қорғау кезінде, өзге де мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындауға байланысты не адам өмірін құтқарып қалу, мемлекеттік меншікті және құқықтық тәртіпті қорғау жөніндегі Қазақстан Республикасы азаматының борышын орындауға байланысты қаза тапқан адамдардың мүлкіне;

егер мұрагер мұра қалдырушы қайтыс болған күнде мұра қалдырушымен кемінде үш жыл тұрған болса және ол қайтыс болғаннан кейін де осы үйде (пәтерде) тұрып жатса, тұрғын үйіне (пәтеріне) немесе тұрғын үй-құрылыс кооперативіндегі пайына;

сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемдеріне, мемлекеттік заимдардың облигацияларына, еңбекке төленетін ақыға, авторлық құқық сомасына, авторлық қаламақыға және ашқан жаңалықтары, өнертабыстары мен өнеркәсіптік үлгілері үшін сыйақы сомаларына;

ақталған азаматтардың мүлкіне мұрагерлік құқық туралы куәліктер бергені үшін;

4) Ұлы Отан соғысына қатысушылар және оларға теңестірілген адамдар, Ұлы Отан соғысы жылдары тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар, 1941 жылғы 22 маусым мен 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет еткен) және Ұлы Отан соғысы жылдары тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар, мүгедектер, бала жастан мүгедектердің ата-аналарының бірі - барлық нотариалдық іс-әрекеттер бойынша;

5) репатрианттар (оралмандар) - Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға байланысты барлық нотариалдық іс-әрекеттері бойынша;

6) Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі, оның филиалдары мен өкілдіктері - өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша нотариалдық іс-әрекеттер жасау үшін өтініш берген кезінде;

7) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган - өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша нотариалдық іс-әрекеттер жасауға өтініш берген кезде;

8) «Ардақты Ана» атағы берілген, «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған көп балалы аналар - барлық нотариалдық іс-әрекеттер бойынша;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қорғаншылық тағайындалған созылмалы жүйке ауруымен ауыратын жеке адамдар - өздерінің мүлікке мұрагерлігі туралы куәліктер алғаны үшін;

10) «Қазақстан мүгедектерінің ерікті қоғамы» одағы (ҚМЕК), Қазақ саңыраулар қоғамы (ҚСК), Қазақ зағиптар қоғамы (ҚЗК), сондай-ақ олардың өндірістік кәсіпорындары барлық нотариалдық іс-әрекеттер бойынша.

Жекеше нотариустың нотариалдық іс-әрекеттер жасаған кезде құқықтық және техникалық сипаттағы қызметтер көрсеткеніне ақы төлеуден мыналар босатылады:


- 1) нотариалдық куәландыруға жататын құжаттың жобасын өздері дайындаған жеке және заңды тұлғалар;**
- 2) Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 542 бабының 4), 8) және 9 тармақшаларында көрсетілген адамдар;**
- 3) қарттар мен мүгедектерге арналған жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде тұратын қарттар мен мүгедектер;**
- 4) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар мен жетім балалар;**
- 5) 1 және 2-топтағы мүгедектер;**
- 6) жасына байланысты зейнеткерлер.**

4. Нотариалдық реестрлер және нотариалдық істер. Жекеше нотариалдық мұрағат.

Нотариус және өзге де арнайы үкілетті адамдар жасаған барлық нотариалдық іс-әрекеттер тізілімге тіркеледі.

Нотариалдық іс-әрекеттерді, нотариалдық куәліктерді және қаулыларды, мәмілелер мен куәландырылған құжаттардағы куәландыру жазбаларын тіркейтін тізілімдердің нысанын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілейді. Олар Нотариалдық іс жүргізу туралы Қағиданың Қосымшасы ретінде бекітілген.

Бір данасы нотариалдық кеңсе істерінде немесе нотариуста сақталатын құжат жоғалған жағдайда, өз аттарынан немесе солардың тапсырмасы бойынша нотариалдық іс-әрекеттер жасалған азаматтардың, заңды тұлғалар өкілдерінің жазбаша өтініштері бойынша оларға жоғалған құжаттың дубликаты (телнұсқасы) беріледі. Құжаттың дубликатын беру Заңның 3-ші бабының талаптары сақтала отырып жүргізіледі.



Нотариалдық іс жүргізу ҚР архивтер мен құжаттаманы басқару жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органымен келісу арқылы 6.38-72 Мемлекеттік стандартының негізгі ережелері мен талаптары ескеріле отырып және ҚР Әділет министрлігі 1998 жылы бекіткен Нотариалдық іс жүргізу жөніндегі Қағидаға сәйкес жүзеге асырылады. Қағида талаптарының сақталуына бақылау жасауды аумақтық әділет органдары мен нотариат палаталары жүзеге асырады.

Мемлекеттік нотариат кеңсесінде іс қағаздарын жүргізудің және мұрағаттың дұрыс ұйымдастырылып жүргізілуі үшін жауапкершілік аумақтық әділет органы басқармасы бастығының бұйрығымен мемлекеттік нотариат кеңсесі нотариустарының біріне жүктеледі.


Жеке практикамен айналысатын нотариустың іс қағаздарын жүргізуі мен мұрағатының дұрыс ұйымдастырылып жүргізілуіне жауапкершілікті жеке практикамен айналысатын нотариустың өзі көтереді.

БНАЖ жұмысын техникалық себептермен тоқтатқан жағдайда нотариус бұл туралы акті жасайды және нотариалдық әрекеттерді тіркеу үшін тізілімге жазба жүргізеді. БНАЖ-дың жұмысы қалпына келтірілген кезде БНАЖ электрондық тізілімінде көрсетілмеген жазбалар нотариалдық әрекеттерді тіркеу үшін тізілімде жазба жүргізілген кезегімен 24 сағаттан кешіктірілмей жүргізіледі.

Мемлекеттік нотариустардың құжаттары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен міндетті түрде мемлекеттік архивке тапсырылуға тиіс. Ал жеке нотариустардың құжаттары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен міндетті түрде жеке нотариалдық архивке тапсырылуға тиіс.

Нотариусқа келіп түскен құжаттар хат-хабарлардың кіріс журналында тіркеуден өтеді. Қабылданған құжатта бірінші беттің төменгі жолында оның күні және хат-хабарлар кіріс журналындағы реттілік нөміріне сай келетіндей тіркеу нөмірі, сондай-ақ құжат тігілетін наряд нөмірі қойылады. Пошта арқылы түскен мұраны қабылдау туралы арыздар, мұраға құқық туралы куәлік беру, мұрадан бас тарту туралы, мұралық мүліктерді қорғауға шаралар қабылдау, несие берушінің талаптары, жылжымайтын мүлікті иеліктен айыруға тыйым салу туралы хабарламалар, жылжымайтын мүлікке тыйым салу туралы сот пен тергеу органдарының хабарламалары хат-хабарлардың кіріс журналында тіркеледі. Жіберілетін құжаттар хат-хабарлардың шығыс журналында тіркеледі. Құжатқа хат-хабарлардың шығыс журналындағы реттілік нөміріне сай келетіндей тіркеу нөмірі, сондай-ақ оның көшірмесі сақталатын наряд нөмірі қойылады. Хат-хабарлар алушыларға пошта арқылы жіберіледі немесе қолға тапсырылады.

Нарядтарға бір жылдың құжаттары топтастырылады. Наряд ішінде олар хронологиялық тәртіппен бір жүйеге келтіріледі, бұл ретте құжат-жауап құжат-сұрақтан кейін орналастырылуы тиіс. Статистикалық есеп берулер жасалған уақытына қарамастан мазмұнына қарай қай жылға жататын болса сол жылдың нарядына тігілуі тиіс. Нарядтарды қалыптастыру барысында мына ережелерді сақтау қажет: бекітілген іс номенклатурасына сәйкес келетін атқарылған, дұрыс ресімделген құжаттарды ғана нарядтарға енгізу; бір мәселені шешуге қатысы бар барлық құжаттарды бірге орналастыру; көшірілетін істерден басқа бір жылдың құжаттарын нарядтарға топтастыру; тұрақты және уақытша сақталатын құжаттарды нарядтарға жекелей қалыптастыру; нарядтарға қайтарылуы тиіс құжаттар, артық даналар, бастапқы қолжазбалар тігілмеуі тиіс; нарядтағы парақтар саны **250-ден аспауы тиіс.**



Нотариустардың қызметі бойынша қалыптасатын құжаттар белгіленген мерзімдерде сақталуға тиіс. Мысалы, тұрғын үйлерді иеліктен алу және кепілге салу туралы шарттар, соның негізінде куәландырылған құжаттар **75 жыл бойы** сақталады; мүлікті иеліктен алуға тыйым салу және оны алып тастау туралы хабарламалар мен хабарлар - **3 жыл**; мүлікті, жерді иеліктен шығару туралы шарттар - **25 жыл**; нотариалдық куәландырылған өсиеттер және мұралық істер - **75 жыл**; сенімхаттар оларды қолдану мерзімі біткен күннен бастап - **3 жыл және т.б.**

Нотариалдық іс-әрекеттерді тіркеуге арналған тізілімдегі жазуды өшіріп тазартуға жол берілмейді, ал түзетулер нотариустың қолымен және мөрімен бекітілуі тиіс. Нотариалдық іс-әрекеттерді тіркеуге арналған тізілімді қарындашпен жазуға жол берілмейді. Егер жіберілген қателер анықталған жағдайда нотариалдық іс-әрекеттерді нөмірлеу барысында нотариустың қолымен анықтама жасалады да нотариалдық іс-әрекеттерді тіркеуге арналған тізілімнің соңында тігіледі. БНАЖ электрондық тізілімінде түзетулер мен қателер «Ескерту» деген бағанда ескертіледі. Нотариалдық іс-әрекеттерді тіркеуге арналған тізілімдегі нөмірлер мен жазбалар БНАЖ электрондық тізіліміндегі нөмірлер мен жазбаларға сәйкес келуі тиіс.



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА
РАХМЕТ!**